



АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



**«ВИЛЬЯМС ЖӘНЕ ШЕЛЛЕНБЕРГЕР ПИРАМИДАЛАРЫ
АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУАҒАН
БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ»
ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ**

БАҒДАРЛАМАСЫ



Коммерциялық заңсыз / *Қарабаева А.С.*

2025 жыл



Областной семинар
семинар-практикум
Областной методический центр
1000 жасары Ш. Шаймуратов



Өтетін уақыты: 18 сәуір 2025 жыл

Өтетін уақыты: 10:00

Қатысушылар: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, тіл мамандары

Семинар мақсаты: Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың қажеттілігіне сәйкес жан-жақты қолдауда пайдаланатын түрлі әдіс – тәсілдер арқылы мамандардың жұмыс тәжірибесін таныстыру, тарату.

- 09.00-09.45 Қатысушыларды тіркеу
- 10.00-10.15 Алғысөз
Жалғас Нұрлыгүл Жалғасқызы, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорының орынбасары
Уртамбаева Айгуль Галимеденовна, №41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі
- 10.15-10.25 Музыкалық сәлемдеме
Утегенова Гульшат Жумакшамовна, музыка жетекшісі
- 10.25-10.45 «Эрготерапия әдісінің баланың сенсорлық жүйе жұмысын дамытуда қолдану тиімділігі мен маңызы»
Ерланқызы Аяжан, №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының логопеді
- 10.45-11.10 «Жалпы сөйлеу тілінің дамымауында сенсомоторлы ойындарды қолдану тиімділігі мен маңызы»
Айжанова Айнур Кудайбергеновна, №41 «Назерке» бөбекжай-балабақша психологы
Кулданова Гульназ Рашитовна – №41 «Назерке» бөбекжай-балабақша логопеді
- 11.10-11.35 «Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы тиімді әдістер»
Сариева Мирамкул Аликуловна, Кожалиева Шынар Өтемісқызы – №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері
- 11.35-12.00 «ЖСТД балаларға білім беруде танымдық қабілеттерді дамыту жолдары»
Бисеналина Дамегуль Нагиевна, Сәдуова Айгүл Бауыржанқызы – №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері
- 12.00-12.15 Іскерлік ойын Ахметова Актоты Жадырасыновна, №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының әдіскері
- 12.15-12.30 «Кері байланыс»
А.А. Искендинова, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.м.



АКТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

АЛҒЫС ХАТ

«ВИЛЬЯМС ЖӘНЕ ШЕЛЛЕНБЕРГ ПИРАМИДАЛАРЫ
АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН
БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ»

тақырыбындағы облыстық семинарда
өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін

**БИСЕНАЛИНА
ДАМЕГУЛЬ НАГИЕВНАҒА**

АЛҒЫС БІЛДІРЕДІ

Директор м.а.



Ж. Скакова

Ж. Скакова

копия даны  *А.Е. Карабасов*

Ақтөбе - 2025

001223

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері мен тіл мамандарына
облыстық семинар - практикум

Тақырыбы: «ЖСТД балаларға білім беруде танымдық қабілеттерді
дамыту жолдары»

Тәрбиеші: Бисеналина Д.Н.

Ақтөбе қаласы , 2025ж

Балалардың танымдық қабілетін дамыту – олардың ойлау, есте сақтау, зейін, қиял және қабылдау сияқты танымдық процестерін жетілдіруге бағытталған маңызды міндет. Танымдық қабілеттер баланың қоршаған орта туралы білімін кеңейтіп қана қоймай, оның шығармашылық белсенділігін арттырады және өз бетінше ойлау дағдыларын дамытады. Танымдық қабілеттер – бұл баланың білім алуға, жаңа ақпаратты қабылдауға және оны тәжірибеде қолдануға бағытталған психологиялық қасиеттері. Бұған байқағыштық, зейін тұрақтылығы, есте сақтау қабілеті, ойлау және талдау жасау, қиялдау мен елестету жатады. ЖСТД балаларға білім беруде танымдық қабілеттерді дамыту жолдары – бұл ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу процесін тиімді ұйымдастыруда маңызды бағыттардың бірі. Мұндай балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда келесі әдіс-тәсілдер мен жолдарды қолдануға болады:

1. Дифференциалды және жеке бағытталған оқыту. Әр баланың даму деңгейіне сәйкес тапсырмалар беру.

Қабілетіне қарай материалды қарапайымнан күрделіге қарай сатылап ұсыну. Мотивацияны арттыратын тапсырмаларды қолдану (ойын элементтері, марапат жүйесі)

2. Танымдық ойындар мен жаттығулар. Логикалық ойлау, есте сақтау, зейін және қиялды дамытуға арналған ойындар. «Сәйкестендір», «Не артық?» «Не жетіспейді?» сияқты тапсырмалар.

3. Көрнекілік және визуалды құралдарды қолдану. Суреттер, сызбалар, бейне материалдар арқылы ақпарат беру. Абстрактілі түсініктерді нақты көрнекі құралдармен түсіндіру.

4. Топпен және жұппен жұмыс. Қарым-қатынас дағдыларын дамытып, бір-біріне үйренуіне мүмкіндік береді. Жауапкершілік пен ынтымақтастықты арттырады.

5. Қысқа және нақты нұсқаулықтар беру. ЖСТД балалар зейіні тұрақсыз болғандықтан, тапсырмалар қысқа әрі нақты болуы керек.

Баланың кез-келген жетістігін атап өтіп, сенімін арттыру керек. Түсіндіру және қолдау көрсету керек.

1. «Сөздік әткеншек» ойыны

Мақсаты: Затты сипаттай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. Өз бетінше сұрақ қойып, сұраққа дұрыс жауап беру арқылы сөйлемді дұрыс құрастыра білуін дамыту. Баланың зейінін, ойлауын дамыту. Балалармен қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру.

Ойын шарты: Ортада үлкен материалдан жасалған шеңбер болады. Шеңбердің ортасына сипаттайтын зат (алма, банан, қияр) қойылады

Шеңбердің айналасында заттың сапасын, іс-әрекетін білдіретін 7 түрлі шартты белгілер орналасады. (Сипатталатын зат, түсі, дәмі, пішіні, қолға ұстағанда қандай, қайда өсетіні, не әзірлеуге болатыны туралы белгілер).

Балалар шеңберді айнала жүреді. «Токта» деген белгі берілгенде шартты белгілердің қасына тұрып қалады. Затқа катысты сұрақ қойып, жауабын айтып затты сипаттайды.

Осылайша үй жануары сиырды сипаттайды. (іс-әрекеті, адамға пайдасы т.б.)

Осы шеңбермен ойналатын тағы бір ойын түрі:

«Кім не істейді?» ойыны ойналады.

Мақсаты: Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлегенде, баланың байланыстырып сөйлеуін, ойлауын дамыту. Өз бетінше ойын жеткізіп, балалармен қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Ойын шарты:

Ортаға сұрақ «?» белгісі қойылады. Шеңберді айнала мамандықтарға қатысты суретті карточкалар қойылады. Кім? Қайда? Не істейді? бала өзіне қатысты мамандық туралы айтады. (мұғалім, шаштараз, тігінші, сатушы, дәрігер, аспазшы, жол сақшысы)

2. «Жұбын тап» ойыны

Мақсаты: Сөйлегенде мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерді қолдана білуге, берілген әрекетке заттарды таңдап, жұбын тауып айта білуге үйрету. Сөздік қорын кеңейту. Ойын арқылы баланың ойынға қызығушылығын арттырып, зейінін, ойлауын дамыту.

Ойын шарты: Өрнекті кілемшенің өрнектерінде антоним сөздерге қатысты суреттер берілген. Бала антоним сөздердің жұбын тауып, суреттерді кілемшеге орналастырады. Әрбір заттың жұбын тауып кілемшеге орналастырғанда, өрнекті кілемше құрастырылады.

3. «Жайлауға саяхат» ойыны

Мақсаты: Жайлау, төрт түлік туралы сөздік қорларын байыту, өз ойларын ойын арқылы жеткізе білуге, баяндай білуге баулу. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтіп, ұлттық құндылықты дәріптей білуге тәрбиелеу.

Шарты: Жайлаудың макеті берілген. Жайлауға барар жолда көлікті жолмен жүргізе отырып, төрт түлік атаулары, төлдері туралы айтып береді.

4. «Не жетіспейді?» ойыны.

Мақсаты: Сан және санау дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы баланың зейінін, ойлауын дамыту.

Танымдық қабілетті дамытуда педагог баланың жас ерекшелігін ескеріп, қызығушылығын арттыратын ойын, жаттығу және тәжірибелік тапсырмалар ұйымдастыруы қажет.